



Құрметті студент!

2018 жылы «Білім - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

| Мамандық шифры | Мамандықтың атауы | Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті |
|----------------|---------------------------|--|
| 5B011700 | «Қазақ тілі мен әдебиеті» | 1. Педагогика 2. Қазақ тілін оқыту әдістемесі 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі 4. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі |

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Педагогика
2. Қазақ тілін оқыту әдістемесі
3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
4. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі

2. Тестілеу уақыты - 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.

4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.

5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Педагогика

1. Педагогиканың негізгі категориялары:

- A) Жетілдіру
- B) Дамыту
- C) Оңтайландыру
- D) Білім беру
- E) Қалыптастыру
- F) Оқыту
- G) Белсендіру

2. «Тұлға» ұғымының мәнін ашуда қолданылатын ұғым:

- A) индивид
- B) білім
- C) тәрбие
- D) оқушы
- E) адам
- F) сынып
- G) педагог

3. Педагогика саласында балалардың жас және дара ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар:

- A) Л.Н. Толстой, В.А. Славеннин
- B) К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой
- C) А. Дистервег, В.А. Славеннин
- D) Н.Д. Хмель, К.Д. Ушинский
- E) Л.Н. Толстой, Н.Д. Хмель
- F) В.А. Славеннин, Н.В. Кузьмина

4. Дәстүрлі педагогикада тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыруда тәрбиелік істердің бағыттары:

- A) Адамгершілік тәрбиесі
- B) Экологиялық тәрбие
- C) Мемлекеттік тәрбие
- D) Қоғамдық тәрбие
- E) Экономикалық тәрбие

5. Эстетикалық тәрбие міндеттерінің бірі:

- A) эстетикалық білімдер беру
- B) еңбек қабілеттілігін арттыру
- C) мемлекетке деген құрмет сезімін қалыптастыру
- D) эстетикалық мәдениетті тәрбиелеу
- E) эстетикалық талғамды және сезімді дамыту
- F) ағзаны шынықтыру

6. Мектептің инновациялық басқару аспектілерін зерттеді:

- A) Д.Б. Эльконин
- B) Л.В. Занков
- C) Г.А. Цукерман
- D) М.М. Поташник
- E) Л.И. Моисеев
- F) В.С. Лазарев

7. Ғылыми дүниетанымның құрамдас бөлігі:

- A) тұрмыстық көзқарастар
- B) практикалық іскерліктер
- C) діни білімдер
- D) ғылыми-білімдер жүйесі
- E) көзқарастар
- F) мифологиялық білімдер
- G) сенімдер

8. Тәрбие бағыттары:

- A) рухани-адамгершілік
- B) кәсіби-бағдарлық, экологиялық
- C) көпшілік-интернационалдық, азаматтық
- D) әділдік-сыпайылық, шыншылдық
- E) шыдамды-төзімділік, имандылық
- F) азаматтық-патриоттық, экономикалық

9. Педагогикалық әдіснаманың мәні:

- A) логика туралы ғылым
- B) тіл туралы ғылым
- C) адамдар туралы ғылым
- D) әдістер туралы ғылым
- E) арнаулы зерттеу әдістерін жасауға арналған ғылым
- F) философиялық қағидаларды тікелей ғылыми зерттеулерде қолдану туралы ғылым
- G) педагогикалық ілімдерді зерттейтін ғылым

10. «Форма» терминінің мәні білдіреді:

- A) Тәрбиелік жұмыстардың және тәрбиелік шаралардың бірлікті жиынтығын
- B) Тәрбие үдерісінің сырттай көрінісін
- C) Тәрбие элементтерінің жиынтығын
- D) Тәрбиешінің іс-әрекетінің көрінісін
- E) Тәрбие үдерісінің ерекшеліктерін
- F) Тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара қарым-қатынасын
- G) Тәрбиеленушілердің іс-әрекеттерін жоспарлы ұйымдастыру жүйесін

11. Ұжымның тәрбиелеуші ұйым ретіндегі маңызды белгісі:

- A) басқа ұйымдармен байланыс болмауы
- B) ұжым мүшелерінің бірлігі, әрқайсының өзіндік пікірінің болуы
- C) жеке іс-әрекет
- D) тек ұжымдық жауапкершілік
- E) әртүрлі мақсат
- F) жеке басшылық

12. Сыныптан тыс жұмыстардың тиімділігіне жатады:

- A) тәрбиелік жұмыстар жеке адам тәрбиелеу мазмұнына сай болуы
- B) іс-әрекеттің мазмұны, мақсаты, барысы оқушыға түсінікті болуы
- C) әрекеттің жоспарлы болуы
- D) оқушының саналы болуы
- E) сыныппен оқушының арасындағы қарым-қатынастың тығыз болуы

13. Мектеп пен отбасының ынтымақтастық әрекеттері:

- A) олимпиадаларға даярлық
- B) мектепті материалдық жабдықтау жұмыстары
- C) көркем-өнер жұмыстары
- D) баланың оқу үлгерімі мен тәрбиесін жақсарту бойынша жүйелі жұмыстар
- E) ата-аналармен педагогикалық ағарту жұмыстары

14. Оқыту ұстанымдары:

- A) Көрнекілік
- B) Мазмұндық
- C) Сананылық және белсенділік
- D) Басқарушылық
- E) Әдістемелік
- F) Ұйымдастырушылық
- G) Болжамдық

15. Білім беру стандарты:

- A) Білім беру саласын қамтиды
- B) Білім беру нормаларын анықтайды
- C) Оқыту деңгейін айқындайды
- D) Білім беру сапасын анықтайды
- E) Міндетті білім берудің негізгі құжаты
- F) Оқу жоспарларын қолданады
- G) Бағдарламалардың сапасын анықтайтын құжат
- H) Міндетті оқыту компоненттерін анықтайды

16. Оқу дәрістерін өткізу әдіс-тәсілдеріне байланысты дәрісбаян түрлері:

- A) Ақпараттық
- B) Көрнекілік
- C) Әдістемелік
- D) Жаппай
- E) Ғылымдық
- F) Мазмұндық

17. Білім беру жүйесін стандарттау қажет:

- A) Білім сапасын арттыру үшін
- B) Нәтижелілік деңгейін арттыру үшін
- C) Тәжірибе меңгерудің ғылыми мінездемесі
- D) Жаналықтар енгізу үшін
- E) Баламалы оқулықтардың қосылуы үшін
- F) Тың оқу жоспарларының енгізілуі үшін

18. Ұжымдық- танымдық іс-әрекеттің мынадай белгісі бар:

- A) Бірыңғай мақсаттық, жалпы мотивтің болуы
- B) Ұжымдық іс-әрекет барысында, әрбір оқушы өзіндік білімін көрсете алуы
- C) Жалпы іс-әрекеттің жоспары болуы
- D) Іс-әрекеттер барысында оқушылар арасында өзара жауапкершіліктің және тәуелсіздіктің пайда болуы
- E) Жалпы мақсаттарды жүзеге асыру

19. Оқыту үдерісі:

- A) Оқушылардың көзқарасын дамытатын іс-әрекет
- B) Оқушылардың дүниетанымын дамытатын іс-әрекет
- C) Төзімділіктерін дамытады
- D) Отаншылдық қасиетін арттырады
- E) Тәрбиені меңгертеді
- F) Адамгершілікті дамытатын іс-әрекет

20. Мектеп пен жоғары оқу орындарындағы баға қоюдың субъективті қателіктері:

- A) өлшемге сай болу
- B) орташа бағалау ұстанымында болу
- C) ынталандыру принципін сақтау
- D) оқушының интеллектуалдық мүмкіншілігін ескеру
- E) жауаптың жан-жақтылығын ескеру

21. Дидактикада оқыту технологиялары жіктелетін сипаттар:

- A) Әдістемелік негіз
- B) Философиялық негіз
- C) Теорияны меңгерудің ғылыми сипаттамасы
- D) Психологиялық негіз
- E) Нәтижелілік деңгей
- F) Тәжірибені меңгерудің ғылыми сипаттамасы
- G) Қолдану деңгейі

22. Білім беру мемлекеттік стандарттары:

- A) ұйымдастыру формаларын іріктеуге қатысады
- B) білім беру кеңістігін сақтауды қамтамасыз етеді
- C) білім беру мекемелерін жетілдіруге қатысады
- D) азаматтардың толыққанды, сапалы білім алуын қамтамасыз етеді
- E) білім беруді және оны басқаруды ізгілендіруді қамтамасыз етеді
- F) білім беруді реттеуді қамтиды

23. Мектеп жетекшілері білуге міндетті:

- A) Мектептің құжат санын
- B) Оқу жүйесінің мазмұнын
- C) Мектептің материалдық жағдайын
- D) Мектептің ақпараттық жабдықталуын
- E) Оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың мерзімдік тәртібін

24. Г.И. Щукина бойынша мектепшілік басқару бағыттары:

- A) ұйымдастырушылық
- B) жобалаушылық
- C) психологиялық
- D) зерттеушілік
- E) әдістемелік

25. Біліктілікті көтеру мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылуы мүмкін:
- A) Біліктілікті белгілі уақыт аралығында жоғарлату
 - B) Мамандардың кәсіби қызмет бағытында біліктілік көтеру мекемесінде ұзақ мерзімді оқуы
 - C) Тақырып аясындағы орташа мерзімді семинарлар
 - D) Негізгі жұмыс орнында үзіліссіз өткізілетін қысқа мерзімді тақырыптық оқулар
 - E) Сала, ұйым, мекеме деңгейінде жүргізілетін тақырыптық проблемалы емес орташа мерзімді семинарлар

Педагогика
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Қазақ тілін оқыту әдістемесі

1. Мектепте фонетиканы оқытудың міндеті:

- A) Оқушыны тіл дыбыстарын ажырата білуге үйрету
- B) Оқушыларды сабаққа бейімдеу
- C) Бақылау жұмыстарын жазуға үйрету
- D) Сөздерді дұрыс айтуға үйрету
- E) Оқушыларды сөйлем құрай білуге үйрету

2. Көп мағыналы, омоним, неологизм, архаизм сөздердің мағынасын түсіндіретін сөздік:

- A) Диалектикалық
- B) Орфографиялық
- C) Түсініктемелік
- D) Түсіндірмелі
- E) Орфоэпиялық
- F) «Синонимдік», «түсіндірмелік»
- G) Фразеологиялық

3. Сөз тудырушы жұрнақтарды оқытудың тиімді жолы:

- A) Көрнекілік пайдалану
- B) Сөз тіркесіне талдау
- C) Сөз құрамына талдау
- D) Сөз мағынасына талдау жасау
- E) Сөйлемдерді талдау арқылы

4. Жалпылау есімдіктері:

- A) Бәрі, күллі
- B) Ешкім, ешқандай
- C) Бірдеме, біреу
- D) Бүкіл
- E) Өзім, өзі
- F) Бұл, сол
- G) Мен, мынау

5. Жай сөйлем түрлері:

- A) қарсылықты сөйлем
- B) ыңғайлас сөйлем
- C) жалаң және жайылма сөйлем
- D) аралас сөйлем
- E) атаулы сөйлем

6. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері:

- A) пысықтауыш
- B) толықтауыш
- C) баяндауыш
- D) бірыңғай мүше
- E) бастауыш
- F) айқындауыш мүше
- G) анықтауыш

7. Мәтінді дұрыс қабылдауға байланысты жүргізілетін жұмыс түрі:

- A) Қайталап оқу
- B) Суреттеу
- C) Хабарлау
- D) Экскурсия
- E) Мазмұндау
- F) Саралау

8. Жалпы адамдар арасындағы тілдесім:

- A) Жазбаша сөйлеу
- B) Дербестік
- C) Жазып алу
- D) Ресми
- E) Ықпалдық

9. Қазақ тілін оқытудың жалпы дидактикалық принциптері:

- A) Әңгімелеу принциптері
- B) Оқытудың материалды дұрыс орналастыру принциптері
- C) Тіл дамыту принциптері
- D) Материалдардың дұрыс сабақтасып орналасуы
- E) Оқытудың жүйелілік принциптері
- F) Психологиялық принциптері
- G) Оқу процесін бақылау

10. Оқытудың материалды дұрыс орналастыру принципі:

- A) Оқушылардың ой-санасын ғылыми негізде дамыту
- B) Жеңілден-ауырға, оңайдан-қиынға қарай баяндау
- C) Оқу материалдарының дұрыс бір-бірімен сабақтасып орналасуы
- D) Теориялық білімдерін іс-жүзінде қолдануға үйрету
- E) Жалғау, жұрнақтарды ажырата алмау
- F) Берілу үйретілетін материалды оқушының тиянақтылықпен ұғыуы
- G) Алдын-ала болжау

11. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесін меңгеру дегеніміз:

- A) Үйрету мен үйренудің қорытындысы
- B) Адамның тілдік қатынас құралы
- C) Үйренушінің үйрену жағдайына кіруі
- D) Үйрету кезеңінің ерекшелігі
- E) Ойлау мүмкіншілігі
- F) Үйрену кезеңі

12. П.А. Зайченко көрсеткен оқыту әдісі түрлері:

- A) Түсініксіз сөздерді үйрету әдісі
- B) Монологтік сөйлету әдісі
- C) Лабораторияда сабақ өту әдісі
- D) Педагогикалық баяндау әдісі
- E) Қазақ тілін теориялық жақтан үйрету
- F) Жазу-сызу жұмыстары әдісі

13. Республикаға танымал озат әдіскерлер:

- A) Ә. Тәжібаев
- B) М. Шаханов
- C) Қ. Бітібаева
- D) С. Қонақбаев
- E) Ж. Үшкемпіров
- F) О. Сүлейменов

14. Қазақ тілін оқыту жүйесінің ауызша әдістері:

- A) жаттығуды талдау
- B) кроссворд шешу
- C) тест тапсырмаларын орындау
- D) әңгіме кеңес
- E) лекция
- F) ребус бейнелеу
- G) кітаппен жұмыс

15. Орта мектепте фразеологияны оқытудың міндеттері:

- A) Имандылыққа тәрбиелеу
- B) Диалектизмдерді меңгерту
- C) Ұлттық дүниетаным ерекшеліктерін таныту
- D) Табу, эвфемизмдерді ажырату
- E) Тұрақты сөз тіркестерінің мағынасымен таныстыру
- F) Тұрақты сөз тіркестерін таба білуді үйрету
- G) Кәсіби сөздерді меңгерту

16. Мектепте грамматиканы оқытудың мақсаты:

- A) Дұрыс оқуға үйрету
- B) Тілдің морфологиялық құрылысы туралы түсінік қалыптастыру
- C) Сөйлемдерді дұрыс құрастыруға үйрету
- D) Сөз мағынасының сан алуандығын түсіну, талдау
- E) Дұрыс жазуға үйрету

17. Оқушыларға синтаксистен орындатуға тиімді жұмыстар:

- A) Диалог құру
- B) Зат, құбылыс атауларымен таныстыру
- C) Карта сыздыру
- D) Сөйлемнің түрін ажырату
- E) Сөйлем құрату, талдау
- F) Жай сөйлемді жайылмаға айналдыру
- G) Сөз тіркесін пайдаландыру

18. Сөз тіркесін меңгеру барысында оқушыда қалыптасатын машық-дағдылар:

- A) Сөздерді тұлғасына қарай және құрамына қарай айыра білу
- B) Тіл дыбыстарының артикуляциясын түсіндіру
- C) Сөз таптарының түрлену жолдарын меңгеру
- D) Сөз тіркесінің байланысу формасын анықтау
- E) Бағыныңқы мен басыңқы сөзді ажырата білу
- F) Сөз тіркесінің байланысу тәсілін анықтау

19. Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері:

- A) Жайылма
- B) Талғаулы салалас
- C) Мақсат бағыныңқылы
- D) Қарсылықты
- E) Түсіндірмелі
- F) Толымды

20. Қазақ халқының белгілі педагог-ғалымы:

- A) Ш. Құдайбердіұлы
- B) Т. Жароков
- C) М. Шаханов
- D) Ы. Алтынсарын
- E) А. Байтұрсынұлы
- F) Ж. Аймауытов

21. Н. Сауранбаев бойынша құрмалас сөйлемдердің негізгі белгілері:
- A) Компоненттерінің салыстыра байланысуы
 - B) Бір сөйлемдік мағынаға ие болмауы
 - C) Құрамындағы әрбір компоненттің интонациялық жігі айқын болуы
 - D) Әр компонентте дербес бастауыш пен дербес баяндауыштың болуы
 - E) Құрамындағы синтаксистік компоненттерде айтылатын ойдың дербестігі
22. Мәтін туралы ұғым қалыптастыру әдістемесі:
- A) Мәтін туралы ұғым бастауыш сыныптан беріледі
 - B) Мәтіннің белгілі бір мазмұндық бірлігі болады
 - C) Мәтіннің стильге қатысы болмайды
 - D) Мәтіннің грамматикамен байланысы жоқ
 - E) Мәтін тек әдебиетпен байланысты
 - F) Мәтін философиялық әдебиеттен құралады
23. Компьютерді қазақ тілі сабағында пайдаланғанда көрнекілікті арттыру үшін қолданылатын бағдарламалар:
- A) Macromedia Flash
 - B) Arcon
 - C) Excel
 - D) MathLab
 - E) MS Office Power Point
 - F) ActiveStudio
24. Пунктуацияны оқыту ұстанымдары:
- A) Сөздік құрамның сөз қорына негізделетінін білу
 - B) Сөздің синтаксистік қызметіне мән беруді талап ететін грамматикалық ұстаным
 - C) Тыныс белгілерінің интонацияға қарап қойылатыны
 - D) Өтілген материалды еске түсіру
 - E) Мәнерлеп оқу мен пунктуация байланысы
25. Синтаксисті оқытқанда қолданылатын тіл дамыту жұмысының түрі:
- A) Морфологиялық талдау
 - B) Сөз тұлғаларын құрастыру
 - C) Сөйлем құрастыру
 - D) Сөз мағынасын талдау
 - E) Сөз тіркесін құрастыру

**Қазақ тілін оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

1. Тәрбие жұмысының нәтижелерін және тиімділігін диагностикалау түрлері:

- A) жаңа тәрбие жүйесін жасау кешені
- B) педагогикалық кеңесте талқылау
- C) ата-анаға сауалнама
- D) жеке тұлғаға бағытталған іс-әрекет
- E) баланың білім деңгейінің көрсеткіші
- F) оқушының тәрбиелік картасы

2. Сынып жетекшісінің басты қызметтері:

- A) Коммуникативтік
- B) Зерттеушілік
- C) Жауапкершілік
- D) Ғылымилық
- E) Шығармашылық

3. Педагогикалық қолдау кезінде табысты өзара әрекеттестіктің шарттары:

- A) 8-шарт – өз құқықтары мен мүдделерін қорғауы
- B) 4-шарт – құпиялылық принципін сақтамау
- C) 1-шарт – баланың көмек пен қолдау көрсетуге келісімі
- D) 2-шарт – өз проблемасын шешуде басымдық бала жағында болуы
- E) 3-шарт – бірлесушілік, ынтымақтастық, жәрдем көрсетуі

4. Ұжымның даму болашағын жоспарлау:

- A) жақын болашақ
- B) көлемді, толық жоспар
- C) жартыжылдық жоспар, шағын жоспар
- D) бақытты келешек
- E) күнделікті жоспар
- F) күнтәртібі, жылдық жоспар

5. Тәрбие жоспарына қойылатын негізгі талаптар:

- A) Тәрбие жұмысының нәтижесін талдау
- B) Сынып жайлы мәлімет беру
- C) Сынып белсенділерін сайлау
- D) Ата-аналармен байланыс орнату
- E) Атқарылатын шаралар саны емес, сапасы жағынан анықталатын болсын
- F) Оқушылардың тәртібін реттеу

6. Оқушылармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) Ғылыми
- B) Зерттеушілік
- C) Топтық
- D) Жеке
- E) Бастауыш
- F) Ұжымдық
- G) Әдіснамалық

7. Латынның «коллективус» деген сөзінің мағынасы:

- A) Ұжым
- B) Отбасы
- C) Қоғам
- D) Ұйым
- E) Көпшілік

8. Қиын балаларда байқалатын ерекшеліктер:

- A) Ұрлық жасайтын оқушылар
- B) Сәулет өнері саласындағы жоғары жетістіктерімен көрінеді
- C) Ұжымды басқаратын оқушылар
- D) Өзі-өзі түзетуге қабілеттің төмендігі
- E) Өзі-өзі өзгелерден төмен санайтын оқушылар

9. Авторитарлық тәрбие:

- A) Баланың бас бостандығы
- B) Тұлғаны басу
- C) Қалайда лидерлікке ұмтылу
- D) Тұлғаның дамуын тежеу
- E) Оқушылардың оқуға, үйдегі және қоғамдық орындардағы тәртіпке еркін қарауы
- F) Белсенділігін басып тастау

10. Тәрбиелеу және оқыту үдерістерінің ұқсастығы:

- A) Тұлғаның дамуы мен әлеуметтенуі
- B) Өзін-өзі тәрбиелейді
- C) Өзін-өзі қайта тәрбиелейді
- D) Әрекет үдерісінде тұлға дамуына әдістеме ұсыну
- E) Тәрбиелеу үдерісі өзіне оқыту элементтерін қосады
- F) Оқыту үдерісінде оқытушы оқушыға тәрбиелеу әсерін жүргізеді
- G) Тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара әрекеті

11. Педагогикадағы тәрбие принциптері:

- A) Батылдылық
- B) Тәрбие ықпалдарының тізбектестігі, жүйелілігі, беріктілігі және үздіксіздігі
- C) Ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеу
- D) Тәрбие ережелерінің жиынтығы
- E) Әрекетті жан-жақты ойластыру
- F) Тәрбие барысында шешілуге қажетті міндеттер

12. Тәрбие ісінің құрылымы:

- A) Даярлау, істердің салдарын талдау
- B) Мақсатты тікелей жүзеге асыру
- C) Мақсат қою, ұйымдастыру
- D) Жекеленген жүйелік құрылымдар тәрізді
- E) Қол жеткізген нәтижелерді талдау

13. Тәрбиенің қоғамдағы жалпы қызметі:

- A) Оқушының дара даму ерекшелігін танып-білу
- B) Қызығушылығын ояту
- C) Мұғалімдер ұжымның өзара педагогикалық әрекетін қолдау
- D) Қоршаған ортасын танып-білу
- E) Баланы әртүрлі әлеуметтік қатынастарға қатыстыру
- F) Ұрпақтан-ұрпаққа әлеуметтік тәжірибе мен мінез-құлық нормаларына қатысты білім, білік, дағдыларды беру
- G) Адам баласында адамгершілік сапа жүйесін қалыптастыру

14. Салауатты өмір салтын құруға қатысты дәрігерлердің берген кеңесі:

- A) Сабақта ойын элементтерін пайдалану
- B) Таза суды пайдалану
- C) Таза ауамен демалу
- D) Күн сәулесін пайдалану
- E) Мәдени орындарда өзінді дұрыс ұстау
- F) Аяқты бір-біріне айқастырмау
- G) Басты тік ұстау

15. Әдеби-музыкалық қоғам бірлестігіне қатысушылар ұйымдастырады:

- A) Ашық есік күндері
- B) Қолөнер бұйымдарының жәрмеңкесі
- C) Баланың еңбек тәрбиесін дамыту
- D) Би кеші сайыстары, көрмелері
- E) Түрлі спектакль қойылымдары
- F) Қызығушылықтары бойынша оқушыларды топтастыру

16. Отбасымен жүргізілетін тәрбие жұмысының түрлері:

- A) Ата-аналарды пән мұғалімдерімен таныстыру
- B) Оқушылардың ата-аналарының материалдық жағдайын анықтау
- C) Лекторий
- D) Отбасы мен мектептің балаға қойылатын талаптарының жоспарын құру
- E) Ата-аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру
- F) Ата-аналар мен балаларының қарым-қатынасы туралы мәліметтер алу

17. Сабақтан тыс әрекеттерді ұйымдастыру формасы:

- A) Сабақ барысында кездесулер ұйымдастыру
- B) Көркемөнер – шығармашылық әрекет
- C) Лабораториялық сабақ жүргізу
- D) Сынып бөлмелерін жөндеу жұмыстары
- E) Қоғамдық пайдалы еңбек әрекеті
- F) Дене тәрбиесі, спорттық әрекет

18. Социометрия әдісі:

- A) Дайын жауаптардан біреуін таңдап алу
- B) Өзара қарым-қатынасты зерттейді
- C) Үлгерімнің деңгейін анықтау
- D) Оқушының темпераментін анықтау
- E) Сыныптағы шағын топтардың барын анықтайды

19. Тәрбие үдерісінде қамтылған адам санына қарай тәрбие формалары:

- A) Отбасылық
- B) Бұқаралық
- C) Қалыптасқан
- D) Ұйымдық
- E) Жеке
- F) Көпшілік
- G) Ресми

20. Тәрбиенің тиімділігі тәуелді:

- A) тәрбие үдерісінің әдістемесіне
- B) мектеп Жарғысының мазмұнына
- C) қаржы көздеріне
- D) педагогтің талдау, бағалау қабілетіне
- E) педагогтің шеберлігіне

21. Мінез-құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) этикалық әңгіме талдату
- B) мектептегі әдістемелік кеңеске қатысу
- C) марапаттау
- D) пікір аясын кеңейту
- E) мадақтау
- F) тәрбиелік жағдаяттарды өзгерту
- G) өзін-өзі басқару ұйымына мүше сайлау

22. Тәрбие, адамды сүйеге бағыттау төмендегі ұстанымдардың біртұтастығына байланысты:

- A) ғылымилық және жүйелі жұмыс жүргізілуіне
- B) баланың ортаға тез бейімделгіштігіне
- C) баланы жеке тұлға ретінде сыйлауына
- D) үдерістің аса қарқындылығына
- E) жаңа қоғамдық рөлді меңгеруіне
- F) ерік-жігердің бірлігіне
- G) баланың еңбегі мен ісін бағалауына

23. Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістері:

- A) тәрбиелік жағдаяттар
- B) пікірталас
- C) үйрету
- D) әңгіме
- E) этикалық әңгіме
- F) өзін-өзі басқару
- G) педагогикалық талап

24. Топтық тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) сынып сағаты
- B) клубтар
- C) кештер
- D) балалар лагері
- E) ұсынылған кітаптарды оқып талдау
- F) үйірмелер

25. В.П. Тугаринов бойынша жеке адамның сапалық көрсеткіштері:
- А) Тәрбие іс-әрекетіне араласуы
 - В) Тәрбиені ұйымдастырушылық қасиеті
 - С) Еркіндік, жеке басының қадірі
 - Д) Биологиялық ерекшеліктері
 - Е) Саналылық, жауапкершілік

**Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі

1. Үй тапсырмаларының берілу мақсаттары:

- A) Оқушыны патриот етіп тәрбиелеу
- B) Оқушылардың білімдерін қосымша материалдар арқылы байыту
- C) Оқушылардың эмоциясына әсер ету
- D) Проблемалық жағдаят туғызбау
- E) Оқушы іс-әрекетін дамыту
- F) Тек кітаппен ғана жұмыс істету

2. Әдебиетті оқытудағы кіріспе жұмысының мақсаттары:

- A) Оқушының қабілетін ескеру
- B) Оқушыны өз ойын айта білуге жаттықтыру
- C) Оқушының танымдық қызығушылығын туғызу
- D) Үйге берілген тапсырманың орындалуын тексеру
- E) Оқушыны шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету
- F) Оқушының білім дәрежесін анықтау

3. Кіріспе сөзге орыс әдістемешісі В. Голубков қойған талаптар:

- A) Шұбалаңқы болуы
- B) Талданатын мәтінге еш қатысы болмауы
- C) Тақырыпқа байланыссыздығы
- D) Әдеби тілде болмауы
- E) Білімдік-логикалық арқауының берік болуы
- F) Әдеби тілде болуы
- G) Білімдік-логикалық арқауының болмауы

4. Әдебиеттен білім беруде пәнаралық байланысқа жүгінетін жағдай:

- A) Өтілетін тақырыпты тереңдете бергісі келгенде
- B) Оқушылардың мәдениеттілігін көтергісі келгенде
- C) Бір мезгілде бірнеше пәндегі ұғымды жинақтап беру мақсатында
- D) Оқушылардың қабілеті мен дарынына әсер еткісі келгенде
- E) Басқа пәннен білім беру үшін
- F) Өтілетін білім мазмұны толықтыруды, байытуды қажет етсе
- G) Оқушылардың эмоциясына әсер еткісі келгенде

5. Әдебиет оқулығының дидактикалық қызметтері:

- A) Практикалық шеберлік қалыптастыру
- B) Мақсатқа қол жеткізу
- C) Білімді хабарлау, баяндау
- D) Ұрпақ тәрбиелеу
- E) Психологиялық кедергіні жою
- F) Ауызекі сөйлеу тіліне үйрету

6. Естуге негізделген көрнекіліктер:

- A) Мүсін
- B) Альбомдар
- C) Күйтабақтар
- D) Кесте - плакат
- E) Үнтаспаға жазылған естеліктер
- F) Макеттер

7. Эвристикалық оқыту әдістері:

- A) Баяндау әдісі
- B) Сөздік әдіс
- C) Көрнекілік әдіс
- D) Проблемалық баяндау әдісі
- E) Өзіндік жұмыс әдісі
- F) Зерттеу әдісі

8. Мектепте мұғалім басты тұлға болуы үшін оған қойылатын талаптар:

- A) Ата-аналармен тіл табыса алу
- B) Шығармашылықпен айналысу
- C) Әдеби әңгімелеп, мәнерлеп сөйлей алу
- D) Оқушыларды тәртіпке бағындыру
- E) Педагогтік өнеге-әдеп
- F) Жоғары білім туралы дипломы болу
- G) Бекітілген сыныбының жақсы нәтиже көрсету

9. Кіріспе сабақтарында ескерілетін мәселелер:

- A) Монографиялық еңбектерді өтуге қатысты кіріспе сабақ
- B) Шолу тақырыптар
- C) Қорытынды сабақ
- D) Көркем мәтінмен жұмыс кезеңі
- E) Жазушы өмірі мен шығармашылығы

10. Жазушы өмірбаянын оқыту:

- A) Білімі, қызметі
- B) Шығармашылығына қысқаша шолу
- C) Алған біліміне ғана мән беру
- D) Педагогикалық технологиямен оқыту
- E) Жазушының өмір кезеңдерінің басты оқиғаларына тоқталу

11. Мәнерлеп оқудың шарттары:

- A) Мәтінді бір қалыпты ырғақта оқу
- B) Оқығанды дұрыс ұғу
- C) Өлеңнен әсер алу
- D) Демді дұрыс алу
- E) Өлеңнің көркемдік ерекшеліктерін тану

12. Әдебиетті оқытудың ауызекі әдістері:

- A) Көрнекілікпен жұмыс
- B) Пікірлесу
- C) Шығарма жазу
- D) Мазмұндама жазу
- E) Сұхбат
- F) Мәнерлеп оқу
- G) Жазбаша жаттығулар

13. Әдебиет сабағын оқыту барысының нәтижелі болуына қажет басты, негізгі ережелер:

- A) Қимылы
- B) Сөйлеу шеберлігіне
- C) Ұйымдастыру қабілеті, ұстаздық шеберлігі
- D) Келбетіне
- E) Мәнерлеп оқу
- F) Әдістемесі

14. Оқытудың оқушы қатысуына қарай формалары:

- A) Жұптық
- B) Қызығушылықты ояту
- C) Ұжымдық
- D) Тақырыптық
- E) Баяндау
- F) Сұрақ - жауап

15. Әдебиет сабағын ғылыми тереңдетіп оқытудың маңызды саласы:

- A) Зерттеулерді оқыту
- B) Деңгейлеп оқыту
- C) Сын зерттеулерді оқыту
- D) Әдеби теориялық ұғымдарды ұғу
- E) Шығармалар жаздырту
- F) Ғылыми еңбектерді оқыту

16. Педагогикалық практикада ұштасатын білімнің негізі:

- A) Мектепте
- B) Үйде
- C) Колледжде
- D) Балабақшада
- E) Институтта

17. Педагогикалық практика кезінде практикант студенттің тығыз жұмыс жасайтын адамдары:

- A) Декан
- B) Кітапханашылар
- C) Мектеп басшылығы
- D) Ата - анасы
- E) Кафедра меңгерушісі

18. Үздіксіз жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстарға жатады:

- A) Драмалық үйірме
- B) Көркем өнерпаздар үйірмесі
- C) Мәнерлеп оқу мектебі
- D) Атаулы күндер
- E) Апталықтар
- F) Әдеби орындарға саяхаттар
- G) Олимпиадалар

19. Сыныптан тыс жұмыстар өткізілу мерзіміне қарай бөлінеді:

- A) Жарты жыл бойы жүргізілетін жұмыстарға
- B) Жарты тоқсан бойы жүргізілетін жұмыстарға
- C) Апта бойы жүргізілетін жұмыстарға
- D) Үздіксіз жүргізілетін жұмыстарға
- E) Жыл бойы жүргізілетін жұмыстарға
- F) Тоқсан бойы жүргізілетін жұмыстарға
- G) Дүркінді жүргізілетін жұмыстарға

20. 1914 жылы шыққан «Қирағат» оқулығының авторы:

- A) «Айтыс» поэмасының авторы
- B) «Маса» жинағының авторы
- C) А. Байтұрсынов
- D) «Бақытсыз Жамал» романының авторы
- E) «Оян, қазақ» жинағының авторы
- F) «Қырық мысалдың» авторы
- G) М. Дулатов

21. Сабаққа қарағанда сыныптан тыс жұмыстарға:

- A) Барлық түріне оқушы қатысуға міндетті емес
- B) Үлгерімі төмен оқушылар ғана қатысады
- C) Белгіленген уақыт мөлшері жоқ
- D) Ұсынылатын шығармалардың көлемі мен мазмұны ескерілмейді
- E) Арнайы шығармалар тізімі берілмейді

22. Орта мектептегі әдебиет пәні бағдарламаларында сыныптан тыс оқу ауқымының көрсетілген түрлері:

- A) Кітап оқуға құштарлықты оятуға арналған шығармалар
- B) Тілін байытып, білімін кеңейтуге арналған шығармалар
- C) Курсты қайталауға арналған шығармалар
- D) Сыныптан тыс ерікті оқуға ұсынылатын шығармалар
- E) Шығармашылығын дамытуға арналған шығармалар
- F) Міндетті оқуға және талдауға ұсынылатын шығармалар
- G) Өздігінен оқуға және сыныпта пікір алысуға ұсынылатын шығармалар

23. Қазақ әдебиеті пәні бойынша 10-11 сыныптарға арналған типтік оқу бағдарламасының ерекшеліктері:

- A) Білім мазмұнын сұрыптауда ғылымилық, жүйелілік, пәнаралық байланыс сияқты дидактикалық ұстанымдар басшылыққа алынады
- B) Бағдарламада ақын-жазушылар шығармашылығы хронологиялық сипатта ұсынылады
- C) Бағдарламада тек әдебиет кезеңдері мен шолу тақырыптары ұсынылады
- D) Бағдарламада тек автор ұсынылады, шығармаларын мұғалім таңдайды
- E) Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет енгізілмеген

24. 9-сыныпта фантастика және детектив жанрларын өткен кезде қарастырылатын шығармалар:

- A) С. Сейфуллин «Бандыны қуған Хамит»
- B) Т. Әлімқұлов «Қара ой»
- C) Ғ. Мүсірепов «Ұлпан»
- D) Қ. Тоқаев «Сарғабандағы оқиға»
- E) Ә. Мархабаев «Күнге тағы дақ түсті»

25. Әдебиет пәнінен 11-сыныпта І. Жансүгіров шығармашылығы бойынша оқытылатын туындылар:

- A) «Күйші»
- B) «Бозторғай»
- C) «Анам тілі»
- D) «Құлагер»
- E) «Жетісу суреттері»
- F) «Домбыра»

**Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**